

Қиын балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар Әлеуметтік педагогикалық норма және нормадан тыс шығу

Норма – медицинада, психологияда, әлеуметтануда және т.б. ғылымдарда кеңінен қолданылады. Адам нормасы барлық қоғамға бірдей қалыптаса алмайды. Себебі олардың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар және олар әр кезеңге сай өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы АҚШ-та 2 дүние жүзілік соғыс кезінде 2-3, 10 жылдың шамасында темекі шегу қалыпты құбылыс болады. Ал қазіргі уақытта салауатты өмір салты кеңінен насихатталып жатқан кезде темекі шегу жаман қасиетке айналады.

Демократиялық қоғамдық тұлғаның әрекетінің қалыпсыз қасиетіне төзіммен қарайды. Ал тоталитарлы режим адамды – төрт қатал қадағалауға алады. (медицинада, психологияда, социологияда).

Норманың өзінің көрсеткіштері; нормасының сипаттамасы бар. Әлеуметтік педагог үшін норма мен ауытқу сөздері өте маңызды, олар баланың дарындылығымен әлеуметтік тәртіп процесін сипаттау үшін қолданылады. Ауытқулар жағымсыз және жағымды болады.

Мысалы: Бала дамуындағы ауытқу ақыл-ой кемістігімен дарындылық Тәртіптегі қылмыс алкогализм, нашақорлық секілді, теріс ауытқулар адамның әлеуметтік қалыптастыру процесіне және қоғамның жалпы дамуына теріс әсерін тигізеді.

Ауытқу түрлері

Нормадан ауытқудың 4 топқа бөлуге болады.

- 1. Физиологиялық ауытқу.**
- 2. Педагогикалық ауытқу.**
- 3. Әлеуметтік ауытқу.**
- 4. Психологиялық ауытқу.**

Физиологиялық ауытқулар – ең алдымен адамның денсаулығына байланысты және медициналық көрсеткіштерін анықтайды. Медицинада әрбір жас және жыныс топтың балаларының олардың денсаулығын көрсетін көрсеткіштері бар. Нақты бұл идеалды көрсеткіштер. Сонда бұған сай келетін баланы табу өте қиын.

Денсаулығында ауытқулар не тұқымқуалаушылық әсерін сыртқы жағдайлар әсерін экологиялық жағдай ауыз сапасының қанағаттандырмауы, отбасы өмірінің деңгейінің төмендеуіне байланысты.

Физиологиялық кемістіктер адам ағзасының бір мүшесінің дамуындағы қалыпта немесе уақытша кемістіктер немесе созылмалы соматикалық (бұлшықет) немесе жұқпалы ауру.

Психологиялық кемістіктер – адамның психологиялық дамуындағы немесе уақытша кемістіктер, яғни сөйлеудің бұзылуы, психологиялық мидың зақымдануы ақыл-ой дамуының бұзылуы психологиялық дамуының тежелуі.

Кемістіктер екіге бөлінеді:

Ауыр психологиялық – балада белгілі ешқандай нәрсе үйрене алмауы мен білім ала алмауы.

Қиын психологиялық – физиологиялық психологиялық кемістіктер. Баланың физиологиялық дамуындағы ауытқулар ауру көру, есту, тірек қимыл аппараттарының бұзылуы.

Нормадан психологиялық жағынан ауытқу ең алдымен баланың ақыл-ой дамуын оның психологиялық кемістіктерімен байланысты.

Ауытқушылықтың бір тобына ең алдымен психологиялық дамудың тежелуінен ақыл-ой кемістігі немесе олигофрения (грек ауд. *олигос* – аз, фр. *инг.* -ақыл) *ақыл-ой кемістігі* жан-жақты туа пайда болған кемістігіне байланысты немесе ауруының соққының және басқа себептердің нәтижесі болуы мүмкін.

Ақыл-ой кемістігінің 3 дәрежесі бар

1. Дебильдік ең жеңіл түрі

2. Имбицильдік ақыл-орташа түрі

3. Идиотио бұлар ешнәрсе түсіне алмайды

Ауытқудың ерекше түрі болар-дарындылығы. Бұл қандайда бір іс-әрекеттің табысты орындауды қамтамасыз ететін қабілетінің өзіндік үйлесімі.

Қабілетті іс – әрекеттің кейбір жиынтығын меңгерудің шамасы көрсететін тұлғаның сипаттамасы.

Дарындылық дарын шамасы – жаңашылдықпен стандартсыздық пен бірегейлігімен және басқада көрсеткіштермен ерекше іс-әрекеттің өніммен анықталады.

Физиологиялық және психологиялық кемістіктерді – диагностикалық үшін тұрақты ведомств аралық психологиялық медико педагогикалық комиссия құрылады.

Комиссияның міндеттері:

- Балада ертеректен психологиялық, медициналық, педагогикалық зерттеуден өткізу.
- Баланың білім алу құқығын қанағаттандыру;
- Ата-анаға кеңес беру.

Комиссия мүшелері: психолог, дәрігер–психолог, невролог, ортопед, окулист, терапевт, педиатор, физиотерапевт, логопед, педагог сурдопедагог, тифлопедагог – соқыр бала, әлеуметтік педагог, заңгер.

Нормадан ауытқудың түрлері:

Физикалық ауытқу түрі	Психологиялық ауытқу түрі	Педагогикалық ауытқу түрі	Әлеуметтік ауытқу түрі
Ауру, көрудің, бұзылу, есту	Психологиялық дамудың тежелуі ақыл-ой кемістігі сөйлеудің бұзылуы. Эмоционалды ерік сапаларының бұзылуы, дарындылық.	Жалпы білім алудағы ауытқуының кәсіби білім алудағы ауытқулар	Жетілудің тәртіп ауытқушылық алкоголизм; нашақорлық, құқық бұзу қылмыс.

Қазіргі әлемде әлеуметтену, қоғамының тәрбиелік потенциаларының функциялары ретінде

Адам әлеуметтенудің объектісі мен субъектісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтенудің құрбаны да болуы мүмкін. Нәтижелі әлеуметтану бір жағынан адамның қоғамдағы бейімделуіне алып келсе, екінші жағынан бір-біріне жағдайында сол адамның қоғамға қарсы тұруына алып келуге мүмкін. Осылайша әлеуметтанудың процесінде соңына дәл шешілмеген, әлі шешімін таппаған, адамның қоғамға бейімделу мен қақтығыс бар.

Басқа сөзбен айтқанда, әсерлі әлеуметтену қоғамға бейімделу мен енудің нақты байланысын анықтайды.

Қоғамға толығымен тұра алмайтын адам, яғни бейімделе алмаған да, *диссидент* құқық бұзушы немесе қоғамның өмір сүру салтанатында ауытқыған адам болып саналады.

Қазіргі кезде қоғам әлеуметтенудің 2 түрлі құрбанын туғызады. Бірінші жағдайын атап өткен жөн: *демографиялық қоғам әлеуметтанудың құрбанын өзінің негізгі мақсаты бекітпелеріне қарсы тудыруы*, ал тоталитарлы қоғам қайталанбас тұлғаны насихаттай келе, іс жүзінде мақсатты түрде конфликтті туғызады.

Қазіргі кезде қоғамда бір-бірімен адамның әлуеметтенуі алуан түрлі жағдайда өтеді. Оған бір-біріне қауіптер тән. Бұл қауіптер: адамның дамуына тікелей әсерін тигізеді.

Әлеуметтанудың әрбір кезеңінде адамға әртүрлі қауіптерге тән болады:

1 кезең: баланың құрсақ ішілік даму кезеңінде:

- ата-анасының денсаулық нашарлығы;
- маскүнемдігі;
- өмір сүру салтының тұрақсыздығы;
- анасының нашар тамақтануы;
- ата-анасының кері эмоционалды психологиялық құны;
- медициналық қателіктер;
- ж ағымсыз экологиялық орта;

2 кезең: Мектепке дейінгі кезең (0-6 жас)

- әртүрлі аурулар;
- физиологиялық соққылар;
- ата-ананың аморальдығы
- балаға ата-анасының өз дәрежесінде көңіл бөлмеуі;
- отбасының кедейлігі;
- балаларға арналған мекемеге қызметінің антигумандылығы;
- құрбы-құрдастары, көршілері, олардың балалары;
- әртүрлі мағынадағы бейне таспалар көру;

3 кезең: Кіші мектеп жасы: (6-10 жас)

- ата-анасының маскүнемдігі;
- аморальдығы;
- өгей әке немесе өгей шеше;
- жанұяның кедейлігі;
- гипо немесе гипер қамқорлық (баланы мектептен тыс қолпаштау немесе қолдамау);
- сөйлеу мәдениетінің нашарлығы;
- білім алмауға дайындағы;
- мұғалімнің, өз құрдастарың негативті қатынасы;
- құрбының, өзінен үлкен баланың кері әсері;
- физиологиялық дене жарақаттары мен кемістіктер;
- ата-анасынан айырылу;

4 кезең: Жасөспірімдік кезең (11-14 жас):

- маскүнемдік;
- ата-анасының аморальдығы;
- жанұя кедейлігі;
- гипо немесе гипер қамқорлық;
- бейнетаспалар көру;
- компьютерлік ойындар;

- ата-анасының және педагогтың қателігі;
- темкі шегу,
- таксикомания;
- зорлану;
- жалғыздық;
- физиологиялық жарақаттар;
- құрдастарының қысым көрсетуі;
- антиәлеуметтік және қылмыстық топтарға кіру;
- психосексуалды дамуының артта қалуы немесе жылдам өсуі;
- жылдам өсуі;
- отбасының жиі көшуі;

5 кезең: Ерте жеткіншектік кезең (15-17 жас):

- антиәлеуметтік жанұя;
- маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік;
- ерте жүкті болу;
- қылмыстық топқа кіру;
- зорлану;
- физикалық жарақаттар мен кемістіктер
- дизнофобия мен өзін сезіну, яғни өзінде физиологиялық кемістікті бар деп сезіну.
- қоршаған ортамен түсініспеушілік;
- жалғыздық;
- құрдастарының қысым көрсетуі;
- басқа жыныстармен қарым-қатынас сәтсіздік;
- суициалды бағыттылық;
- мұраттар аралығы қарым-қайшылық;
- өмірлік перспективаның жоғалуы.

6 кезең: Жеткіншектік кезең (18-23 жас)

- маскүнемдік, кедейлік;
- жұмыссыздық;
- сексуалды сәтсіздік;
- қылмыстық іс-әрекетке тартылу;
- жалғыздық;
- әскерге шақырылуы;
- білімін жалғастыруға мүмкіндіктің болмауы.

Нақты адамның осы қауіптерге душар болады, адамның жеке әрекетіне тікелей байланысты болады.

Жағымсыз жағдайлардың құрбандарының бірнеше түрі бар:

- шын, нақты құрбандар;
- потенциалды құрбандар;
- латенттік құрбандар.

Шын нақты құрбандар – мүгедектер, психосоматикалық кемістіктері, ауытқушылығы бар балалар мен жасөспірімдер, мемлекеттің қоғамдық ұйымындағы қамқорлықтағы балалар.

Потенциалды құрбандар – мінездеме акцентуациясы бар балалар жасөспірімдер мемлекеттенн мемлекетке, өңірден өңірге, ауылдан қалаға, қаладан ауылға көшетін мигранттардың балалары. Экономикалық, моральды білім деңгейі төмен отбасында туылған балалар метистер немесе бір территориядағы аз ұлттар.

Латенттік құрбандар – әлеуметтік жағымсыз жағдайлардың себептерін өздігінен, өз бойындағы қабілет дарын нышандарын аша алмағандар.

Виктимогендік – адамдарды құрбандарға айналдыруы мүмкін қауіпті объекті жағдайлар.

Виктимизация – адамның әлеуметтік жағымсыз жағдайлардың құрбандарға айналдыру процесі және нәтижесі.

Виктимдік – адамның қоғамдық жағымсыз жағдайларына үйірсек және жақын болуы.

Қиын бала және отбасы тәрбиесінің әсері


Бүгінгі таңда әрбір жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін адамға берілген мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін әрбір адамның психикалық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Осыған орай мектептегі мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Үлкендер балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайтындықтан ата-аналардың тәжірибесінің жетіспеуінен, балада елестетудің, қиялдау процестерінің жеткіліксіз дамуынан мінез-құлқының қалыптасуында қиындықтар пайда болады.

Егер зерттелу нәтижесінде мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен белгілі бағытта жұмыстар жүргізсе, баланың психикалық даму деңгейі қалыпты болады.

Қиын балаларға кімдерді жатқызуға болады? Сабақтан көп қалатын, тәртібі мен білімі нашар, адамгершілігі төмен, қарым-қатынас жасай алмайтын, ойлау қабілеті төмен, ашуланшақ, мұғалім талабын орындамайтын оқушыларды қиын балаға жатқызамыз. Осындай оқушыларды мектептің педагог-психологтары анықтап, олармен жұмыс жүргізуі тиіс.

Көбінесе баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптаспауы отбасына байланысты. Отбасында дұрыс тәрбие бермеуден баланың мінезі қиындай түседі. Бұл – отбасы кемшілігі.

Бала мінез-құлқының қиын болып келуі 2 факторға байланысты:



Биологиялық фактор - әйел жүкті кезінде бір нәрседен жарақат алудан, уланғыш заттардан және т.б. зиянды әдеттердің (ішімдікке салыну, темекі тарту) әсерінен болады.

Ұсақ әлеуметтік фактор – баланың өміріндегі қолайсыз жағдайлардан (ата-ананың көп жандалдасуы, ұрып-соғу т.б.) дұрыс тәрбие бермеуден және ананың жүкті кезінде көп уайымға салынуынан болады.

Кейде қиын бала жоқ деп жатамыз. Кейбір отбасында жалғыз бала болады да, оны тым еркелетіп өсіреді. Мұндай балалар өзін басқалардан артық санайды. Балада менсінбеушілік басым болады.

Бала тәрбиесінде отбасында дұрыс тәрбие бермеудің 4 жолы бар:

1. Қабылдамау
2. Гиперсоциалды
3. Қорқақ-секемшіл
4. Эгоорталықты

Қабылдамау – егер ата-анада балаға деген сүйіспеншілік, сүю болмаса, бала мұндай әсерді қабылдай алмайды. Қабылдамау әйел жүкті болған кезде баланың дүниеге келуіне қарсы болғаннан пайда болады. Қабылдамаудан бала кез келген нәрсеге тітіркенгіш болып келеді.

Гиперсоциалды – мұндай ата-аналар – «дұрыс» ата-аналар. Ата-ана баласын сағатпен тамақтандырып, ойнағысы келсе ойнатып, ұйықтағысы келсе ұйықтатады. «Амандасуды» қинап айтқызады. Мұндай ата-анаға мектепте баласын мақтаған ұнайды, баласы туралы кемшілік айтса, намыстанып кетеді. Олар талапты орындағыш келеді. Гиперсоциалды бала робот, автомат сияқты өмір сүреді.

Қорқақ-секемшіл – бұл жолмен тәрбиелейтін ата-аналардың баласы шамалы ауырса, оны үйден шығармай, жанұясымен соның бетіне қарап, жағдайын жасап, баланың ойын алдын-ала ауруға дайындайды. Нәтижесінде бала жиі-жиі өзіне «Мен ауырып қалмаймын ба?», «Мен өліп қалмаймын ба?» деген сұрақтар қояды. Баланы тым қадағалау нәтижесінен талапты шамадан тыс қоюдан, балада, керісінше, қорқақ-секемшіл мінез қалыптасып, кез келген нәрсеге қорқынышпен қарайды. Құрдастарымен ойнай алмайды, өкпелегіш, өзіне сенімсіз болады.

Эгоорталықты – бұлай тәрбиеленген балалардың болашақ қарым-қатынасында отбасының жауапкершілік деңгейі жоғары болады. Баланың ортаға деген көзқарасы төмен болатындығы байқалады. Ата-анасы барлық уақытта оның айтқанын істеу керек, үнемі көңіл бөліп отыруы керек, «болмайды», «жоқ» дегенді түсінбейді. Күтуге шыдамы жоқ, тез ашуланшақ.

Мұндай балалар тұрақсыз, қыңыр, қырсық, тіл алмайтын болып тәрбиеленеді.

Міне, осылай дұрыс тәрбиелемеуден баланың мінез-құлқы қиын болып қалыптасады. Сондықтан әрбір отбасы дұрыс тәрбие бермеуден алшақ болғаны дұрыс. Ал, әрбір мектеп психологтары жас ерекшелігіне сәйкес мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды анықтап, арнайы бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жүргізсе, ата-аналармен тұрақты байланыста болса, болашақта қоғамның әрбір азаматы осындай «қиын бала» қатарынан көрінбейді.

Әлеуметтік педагог мектептегі қиын балалар және құқықбұзуға бейім балалардың ең алдымен, отбасылық жағдайын, баланың әлеуметтік ортада бейімделуін жоғарыдағы теорияларға негізделе отырып анықтауы қажет. Мектепте қиындық туғызып жүрген оқушының өзіндік ерекшеліктерін анықтай келе, ондағы негізгі себепті факторды саралап, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары педагогикалық, психологиялық және құқықтық жұмыс атқарады.

Әлеуметтік педагогта төмендегіше құжаттар болуы қажет:

- Оқушылардың тізімі, мектеп директоры бекіткен;
- Жұмыс жоспары;
- Оқушылар туралы мәлімет, тәртібі, үлгерімі, ата-анасы туралы мәлімет, отбасы жағдай;
- Тұрғын-жайын зерттеу актісі;
- Оқушылардың бос уақытын, қызығушылығы және танымдық қабілеттерін анықтауға байланысты алынған сауалнамалар мен түзету жұмыстарын жүргізілгендігі туралы семинар-тренингтар.

Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру

Жазғы сауықтыру лагеріне қажетті құжаттар:

- Оқушылардың мектеп директоры бекіткен тізімі;
- Оқушылардың толық құжаттары;
- Мектеп директорының бұйрығы;
- «Қамқорлық» кеңесінде қаралғандығы туралы хаттамасы;
- Жазғы сауықтыру лагеріне баратын мекемелермен келісімшарт;
- Оқушыларға бөлінген қаржы туралы актісі.
- Ата-аналардың өтініші.

Ескерту: Егер де оқушы белгілі кездейсоқ жағдайларға байланысты лагерге бара алмағанда, оқушылардың орнын ауыстыру туралы бұйрығы шығарылып, өзге оқушы жіберіледі. Міндетті түрде ата-анасының бас тартуы жөнінде өтініші болуы қажет.